

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы N 1327 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 19 сәуірдегі N 97 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы N 1327 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 15, 184-құжат; N 48, 591-құжат; 2005 ж., N 6, 49-құжат; N 20, 239-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымындағы:

"Ахуалдық орталық"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті